

ҒТАМР 16.31.61.

Б.К.Аубакирова¹, Б. Ж.Абильмажинова²

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

²Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы.

КОМПЬЮТЕРЛІК НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада тіл саласындағы жаңа сөздердің үнемі пайда болып, соңынан қолданыс үрдісінен біртіндеп шығып жататын табиғи заңдылығының болмысы қарастырылды. Аталған өзгерістерге байланысты пайда болған жаңа ұғымдардың номинативтік атауын анықтау үрдісінің өзектілігі туындайды. Ақпараттық технологиялардың дамуының нәтижесінде қарым-қатынас әрекетінің жаңа түрлерін тудырды. Қарым-қатынас әрекетінің өзгерістер нәтижесінде туындағын үрдістердің себебінен жаңа сөз жасау проблемаларының күрт туындауы табиғи процесс болып табылатыны белгілі. Қарқынды тұрғыдан жедел дамып келе жатқан әлеуметтік орта, ғылыми-техника бағытындағы үздіксіз өзгерістер мен инновациялар тіл саласына қуатты әсер етуде. Соған орай, тілдің сөздік құрамы үздіксіз жаңа элементтермен қарқынды тұрғыдан толықтырылуда.

Шағын зерттеу жұмысымыздың аясында жалпы лексиканың тіл саласы бағытында икемді бөлігінің құбылысы ретінде өзгеру процесіне бейім болып келетіні қарастырылды. Лексика іліміне қоғамдағы дамып жатқан әртүрлі факторлардың әсер етуі, ақпараттық технология саласында да белсенді қолданылып жатқан неологизмдерді қолданысының өзіндік ерекшеліктері, компьютерге негізделген тілдік бірліктердің жасалу және қолдану бағыттары қарастырылды. Себебі, қазіргі кезде кез-келген тіл ақпарат құралдарының арқасында жаңа лексикалық бірліктермен үнемі толықтырылу үстінде.

Тілдегі жаңа ұғымның пайда болуы мен қалыптасу заңдылығын заманауи қоғамдағы тілдің қызметтік аспектісі тұрғысынан қарастырылды. Мұнда неологизмнің басты проблемасына енетін - жаңа сөздердің пайда болуы, оның мағыналарын тану жолдары, олардың қызметтік функциясын анықтаудың басымды бағыттарын ашу көзделді. Қоғамның прагматикалық қажеттілігіне сай олардың пайда болуына әсер еткен факторларға талдау жасау, жаңа сөздердің қолданылу тәсілдері, құрылу модельдерін зерттеу негізінде сараланды. Компьютер арқылы іске асырылатын қарым-қатынастың тілдік сипаты қарастырылды. Бейімделіп, сөздік қорға ресми түрде еніп жатқан англицизмдердің өзіндік себептері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне теориялық шолу жасалып, ғылыми тұрғыдан анықтамалар берілді.

Кілт сөздер: компьютер, лингвистика, интернет, коммуникация, неологизм, дефиниция, ұғымдар, информатика, интеллект, табиғи тілдер, жазба, хабарлама, интерактив, прогресс, функция.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақалада қарастырылатын ақпараттық технологиялар саласындағы неологизмдердің пайда болу процестерінің заңдылықтары, табиғи болмысы мен бейнесі, оның қалыптасуы мен тұрақталуы арқылы жаңа бірліктермен толықтырылып отыру процестері қарастырылған. Себебі, әлеуметтік өзгерістерді басынын өткізу үрдістерімен байланысты жаңа ұғымдарды атау, белгілеу қажеттілігі туындайды. Жаңа сөздердің пайда болып, оның жылдам қарқынмен

жинақталуы ғылыми-техникалық прогресс аясында орын алуда. Мұндай қарқынды даму процесінде компьютерлік индустрия бағыты жетекші орын алуда. Соған орай, әлеуметтік ортадағы ғылыми-техникалық өзгерістерге байланысты жаңа заттар мен жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер мен сөз тіркестері пайда болды. Компьютерлік технологияның қоғамның барлық объектілеріне ендірудің салдарынан тілі білімінде жаңа бағыттың - компьютерлік лингвистиканың пайда болып, оның құрамына жаңа ұғымдағы сөздер қатары неологизммен толықтырылуы - заңды құбылыс.

Кезінде қазақ тілінде жаңа сөздер-неологизмдердің пайда болуы мен қолданылу процесіне қатысты ғылыми теориялық тұрғыдан зерттеген отандық ғалымдардың Қ.Қадырқұлов Р.Сыздықтың тұжырымдары дәлел болады. Сонымен бірге неологизм саласын зерттеген орыс ғалымдары И.Б. Голубь, Н.М.Шанский, И.Заботкинның еңбектері маңызды болып саналады.

Ақпараттық технологиялар саласындағы неологизмдердің табиғатын, заңдылықтарын, даму мен қалыптасу ерекшеліктерін ашуда жинақтау, талдау, неологизм ұғымына қатысты тұжырымдар мен пікірлерді салыстыра қарастыру, жинақтау, топтау, жүйелеу әдістері қолданылды.

КРІСПЕ

Ақпараттық технологияның дамуының нәтижесінде оның барлық қызметтік түрлері ортамызға еркін еніп, коммуникативтік қарым-қатынастағы қолданысы белсенді тұрғыдан арта түсуде. Әсіресе интернеттің пайда болуы қоғамдағы тұлғалар арасында қарым-қатынастың жаңа түрлерінің пайда болуына әкелді. Тілдік қарым-қатынастың ауызша да жазбаша түрі электрондық құралдар (интернет лингвистикасы, электронды коммуникация, электронды тіл, электронды дикурс, онлайн қарым-қатынасы т.б.) ұғымдары пайда болды. Компьютер арқылы іске асырылатын қарым-қатынас әрекетінің тілдік сипаты мен өзіндік ерекшеліктері жан-жақты қарастырыла бастады. Ақпараттық технологиялар мен тілдік қарым-қатынас бағытында лингвистикалық зерттеулердің жүргізу қажеттігі туындады. Мұндай үдерістің пайда болу үрдісіне ықпал етілуі - ғылым мен техника саласының қарқынды дамуының негізінде жаңа ұғымдар (дефиниция), лексикалық сөздер қатары пайда болып, тіл білімінде ақпараттық технологиялық неологизмдердің қалыптасуы мен даму бағытының жаңа форматы айқындалды.

Ақпараттық технологиялар саласындағы неологизмдердің пайда болуының басты факторлары ғылыми-техникалық прогресстің батыс мәдениетінің өзара тығыз әрекеттесуі негізінде қалыптасты. Компьютерлік технологиялардың қарқынды даму үрдісіне қатысты ағылшын тілінің сөздік қоры қазақ тіліне компьютерлік неологизмдердің ауқымды пласты ену арқылы ғылым мен техниканың әмбебап тіліне айналу заңдылығы байқалып, озық технологиялардың басты тілдік құралына болып, күнделікті қызмет ету жүйесінің әдеттегі қолдану функциясына айналуға. Соған орай, білім беру үдерісінде қолданылатын компьютер саласындағы неологизмдердің құрылымдық-мағынасын зерттеу - қазіргі заманның өзекті мәселе болып саналып отыр.

Мақаладағы зерттеу жұмысының басты нысаны – білім беру үрдісіндегі компьютерлік технологиялар бағытында пайда болып, оның тіл білімі саласында белсенді қолданылып жатқан неологизмдердің қолданбалы ерекшеліктерін қарастыру. Зерттеу жұмысының мақсаты - ақпараттық технологиялар саласындағы жаңа лексиканы жіктеу, оның семантикалық мағынасын айқындау, жасалу процесін анықтау, даму ерекшеліктерін сипаттау болып табылады. Соған орай, жаңа сөздердің пайда болуы, оның дамуы және қалыптасып тұрақталуын зерттеп айқындау қазіргі кездің өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми мақаланы жазу барысында компьютер арқылы іске асырылатын жаңа (неологиялық) тілдік сипаттар, компьютерлік коммуникацияның білімі жүйесінде пайда болуы, дамуы, қалыптасуы отандық, орыс және шетел ғалымдарының зерттеулері негізінде талданды. Компьютерге бағытталған тілдік коммуникацияның негізінде пайда болған жаңа сөз, тілдік жаңалық, грамматикалық ерекшеліктері ғалымдардың әртүрлі пікірлері сарапқа салынды. Сол арқылы компьютерге негізделген коммуникация мен коммуникацияның дәстүрлі түрлері, коммуникациялық қарым-қатынастар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарын талдауда сипаттау әдістері қолданды.

Нео - грек тіліндегі neos - жаңа деген сөзден шыққан күрделі сөздің бөлігі. Неологизм - лингвистика саласында пайда болған жаңа сөз, тілдік жаңалық деген ұғымды білдіреді. Ал қоғамдағы болып жатқан жаңалықтармен бірге тілде де жаңа сөздер мен сөз тіркестері пайда болады. Тілде жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуының себебі нақты өмір жағдайларына сай, қоғамның қарым-қатынастағы нақты сұраныстарға жауап беруі. Ал тілде жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оның қолданысқа енуі тілші-лингвистер назарынан тыс қалған емес. Осы бағытта қазіргі таңда пайда болған жаңа қолданыстарды зерттеу тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы тілдегі жаңа жетістіктер мен жаңалықтарға байланысты пайда болған жаңа сөз - неологизмдердің өзіндік болмысы ғалымдарды бұрыннан-ақ толғандырған. Бұл мәселенің өзектілігі бүгінгі таңда айқынырақ назарда екені белгілі. Көптеген зерттеушілердің айтуынша, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарында «неологиялық жарылыс» (неологический взрыв) орын алуда. Сондықтан да ол неологизм - жаңа сөз немесе ескі сөздің жаңа мағынасы дегенді білдіретін терминде де, неология - жаңа сөздер туралы ілім деген мағынаны білдіретін терминде де құрамдас бөлік сапасында кездеседі

Соңғы жылдары неология мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу объектісінде кез келген типтегі инновацияны білдіру үшін көбінесе неологизм термині қолданылады. Десек те әр түрлі энциклопедиялық сөздіктерде «неологизм» терминіне түрлі анықтамалар беріледі. Лингвистикалық терминдер сөздігінде ғалым «неологизм» термині жаңа зат белгісін немесе жаңа ұғымды атау үшін пайда болған сөз және сөз айналымы», - деп анықтама берілген.

Кейбір ғалымдар неологизмді денотативті белгісі бойынша анықтап, бұл категорияға мәдениеттің, ғылымның, техниканың және т.б дамуымен байланысты тілде пайда болатын жаңа реалийлер қатарына жатқызды. Ал И.Б.Голуб, Н.М. Шанский неологизмге анықтама бергенде оның жаңашылдық белгісін (новизна) негізге алу керектігін айтады. Мысалы, И.Голубтың жұмыстарында «неологизм - жаңашылдық реңкі сақталған сөздер», - деп айтса [1], Н.М.Шанский: «Неологизмдер – тілімізде тілдік бірліктер ретінде пайда болған, бірақ актив сөздік қорға ене қоймаған сөздер. Тілде өз орнын таппайынша, лексиканың белсенді қорына енбейінше, жаңашылдық реңкі бар сөз ретінде қабылдануына қарай олар тек неологизм болып қала береді», - деп тұжырымдаған болатын [2].

Көптеген ғалым-лингвистер неологизмнің сөздікке дәстүрлі тұрғыдан кірмеуін неологизмнің жаңашылдығының критерийі деген ұғымды ұсынады. Бірақ бұл нақты анық критерий деп айта алмаймыз. Бұл ұғым тек болжау уәждемесі деген пікірді ұсынамыз. Мұндай критерийлердің сөздікке енбеуі немесе қолданыс әрекетінде дәстүрлі тұрғыдан қалыптаспауын саналы тұрғыдан қолға алынбаған, немесе зерттеу процесінің жеткілікті бағытта қарастырылмаған деген уәждемені келтіреміз.

Ал, В.И. Заботкина кез келген жаңа сөздің сипатын жаңашылдықтың уақытша коннотациясы ретінде дәлелдейді. Ғалым: «Қазіргі ағылшын тілінің жаңа лексикасы (прагматикалық аспект)» еңбегінде Барнхарт пен Берчфилдтің сөздігіне енген біраз сөздер қатары жаңа сөз ретінде қабылданбайтындығын айтады. Себебі ол сөздерді тіл тасымалдаушылары екі онжылдықтың шамасында қолданып келе жатқандықтан, олар жаңашылдықтың уақыт коннотациясын жоғалтқан. Сондықтан да неологизм - жаңа сөз не

жаңа айтылым, болмаса ескі сөздің жаңа мағынасы дегенді білдіретін термин» - деп өз көзқарасын білдірген болатын [3].

Аталған ғалымдардың ғылыми тұжырымдарының астарын қарастыратын болсақ, олардың неологизм-сөздердің өміршеңдік мәселесіне тоқтала отырып, оның актив сөз рөліне, жаңашылдық реңкіне, кейбіреуінің семантикалық мағынасының ескіден жаңаға ауысуын уақыт кеңістігімен байланыстыру гипотезасын ұсынады. Мұндай гипотезаның қорытынды нәтижелерін неология саласына қатысты айтылған пікірлердің жүйелі түрде бір арнаға тоғыспайтыны байқалады. Себебі неологиялық ұғымдардың толықтай ашылып көрсетілуі, әрбір жаңа сөздің анықтамасын, дифинициясын жасау, оның өзінің қажетті бағасын алуы тәрізді ғылыми бағыттар толығынан жан-жақты қамтылуы тиіс. Себебі жаңа ұғымдардың жасалу жолдары, мазмұндық жағынан семантикалық тұрғыдан жүйелей отырып айқындауды, құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан әр қырынан зерделеуді қажет етеді.

Бүгінгі техногендік өркениет заманында қарым-қатынас әрекетіндегі потенциалды тілдік қоры қоғамдық қатынастар, ғылым мен техника, мәдениет пен шаруашылықтың дамуымен байланысты тілде пайда болған жаңа сөздер мен сөз тіркестері қоғамның стратегиялық тұрғыдағы маңызды қуат көзі, қоғамның бар боуының әлеуметтік ресурсы, өмір сүру континуумы десек те болады. Сонымен қатар, неологизмдердің мәні мен функционалдық қызметін ашып, қазіргі кездегі әлеуметтік кеңістіктегі қолданылу сипатына тоқталып, қоғам үшін маңыздылығын ашу мақсаты көзделеді. Бұл ретте бүгінгі қазақ қоғамының рухани және заттық әлеміне енген жаңалықтарды бейнелейтін, қазақ тілінің лексикалық қазынасын толықтыратын жаңа тілдік бірліктердің ғылыми танымның негізі ретінде рөл атқаратына зер салып, оның жаңаша сипат алатын бағыттық құбылыстарын қарастыру мақсаты көзделеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік қатынастағы қызметтік кеңістік ортасында тілдік қолданыс сонау адамзат ұғымы пайда болғанна бастап, қоғамдағы ең маңызды басқару ресурстарының біріне айналды. Осыдан келіп жаңа сөздердің пайда болу амалдарын қарастырған Қ.Қадырқұлов неологизмдерді жаңа сөз және жаңа сөз қолданыстары деп екі топқа бөледі. Ғалымның «жаңа сөздер дегеніміз - жаңа мазмұн мен жаңа формада тілімізге басқа тілден өзгеріссіз не дыбыстық өзгерістерге ұшырап енген сөздер. Жаңа сөз қолданыстар - жаңа мазмұны мен ескі формада немесе ескі мазмұн мен жаңа формада, басқа тілден енген сөздердің жаңаша қолданысқа түсуі» - деген көзқарасы негізінде жаңашыл ұғымның позициясы мен функциясын көрсетіп отыратын феномен деген тұжырымға келуге әбден болады [4].

Р.Сыздықтың айтуынша: «Тілдік жаңа бірліктердің ең үлкен тобы - жаңа сөздер. Олардың әдетте неологизмдер деп аталатыны белгілі. Неологизмдер жеке тұлғалар болып келеді. Олардың бір типі (түрі) «қолдан жасалған» жаңа тұлғалар, мұндай жасанды сөздер тілде бар сөзге жұрнақ, жалғау арқылы, екі сөзді біріктіру арқылы, тілде бар сөздің мағынасын ауыстыру арқылы, сөз тұлғасын сәл өзгертіп, ықшамдап біріктіру арқылы пайда болады деген өзінің прагматикалық тұғырнамасын білдіреді [5].

Бұл келтірілген көзқарастардан туындайтын ойларды, біріншіден, жаңашылдық реңкі бар реалді ұғымдар мен заттарды айқындайды, екіншіден актив сөздік қорына ене қоймағн, жаңашылдық реңкті сипаттағанымен тек жаңа сөздер функциясын ғана атқаратын қызметтік феномен, үшіншіден, неологизм мәселесінің заңдылықтарын жалпы қоғамның, ғылым мен техниканың дамуы негізінде сөздік қордың базасын толықтыратын белсенді лексикалық бірліктер қатарында қабылдайды. Мұндай көзқарастар, әрине әдеттегі неологизм саласына дәстүрлі тұрғыдан берілген сипаттаманы анықтайтын қорытынды жасау деген тұжырымдарды тоғыстыруға болады.

Қ.Қадырқұловтың пікіріндегі басқа тілден енген сөздердің жаңаша қолданысқа түсу заңдылықтары ретінде қарастырылды. Р.Сыздық неологизм сөздерінің қолданыста пайда болу бағыттарының амалдарын жан-жақты көрсете білді. Десекте, мұндай көзқарастар неология мәселесін толықтай шешіп көрсете алмайтынына куә болдық.

Тіл мәселесі де жанды құбылыстар тәрізді туатын, өшетін тірі лексикалық жүйе. Әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде жаңа ұғымдарды белгілеудің қажеттігін басынан кешіруде. Жаңа сөздердің жинақталуының басты себебі, қарқынды жылдамдықпен дамып жатқан компьютерлік индустрия - жетекші әлемдік сала болып табылатын ғылыми-техникалық прогресс шеңберінде өзінің тұрақты орнын алуда.

Мәселен, бүгінгі күнде жаңа технологияның қарыштап дамуының себебінен үнемі жаңа терминдер өмірімізде дәстүрлі қолданыстарға айналған. Ұялы байланыстың дамуымен басқа тілдерден енген сөздер *гаджет, смайлик, сэлфи* ересек тұлғалар ортасында ғана емес мектеп жасындағы балалар ортасында молынан қолданылады. Соған орай, IT - сферасында пайда болған неологизмдері тіл жүйесінде жаңа құбылыс болып саналады. Мұндай лексиканы жасаушы тұлғалар бағдарламашылар, IT – мамандар, веб-дизайнерлер және басқа да ақпараттық технология саласымен тығыз байланыста болып келетін мамандарды айтуға болады. Сондықтан да қазіргі кезде Интернет желісінің белсенді қолданылуымен байланысты ағылшын тілінен енген сөздер қатарының көбеюімен байланысты екені белгілі. Жаңа мағынаға ие болған сөздер англицизм формаларының да қатарының көбейгенін байқауға болады.

Computer science, informatics – компьютер ғылымы, информатика – ұғымы электронды есептегіш құралдар негізінде жасалған қондырғы. Оның жоғары технологиялық тұрғыдан құрылуы, қызмет ету процесінің логикалық ұйымдастырылуы, техникалық сипаттамасы мен программалық бағдарламалары тұлғаның пайдалану әрекетінің негізінде іске асырылады. Функционалдық қызметі - ақпараттармен алмасу, қолдану, түрлендіру, өзгерту, сақтау т.б. процестерін орындайды. Сонымен қатар, қолданбалы математика, есептеу желілері, бағдарламалау, жасанды интеллект саласы арқылы іс-әрекеттерді іске асырады. Information - терминінің ұғымы «ақпарат», «мәлімет», «баяндау», «түсіндіру» мағынасында қолданылды. Компьютер атауы ағылшын тіліндегі *to compute, computer* ұғымының этимологиялық мағынасы *есептеу, есептегіш* сөзі арқылы пайда болды. *Есептеймін* - *computo* сөзі дәстүрлі *computer-компьютер* лексикалық атауға ие болды. Мұндай ұғымның уақыт кезеңдерінен өтіп, мағыналық (дефиниция) тұрғыдан өзгеріске түсіп, жансыз техникаға қатысты қолдана бастады. *Computer* сөзінің толық анықтамалық ұғымы Оксфорд сөздігінде берілді [6].

Білім беру үрдістерінің барлық түрлеріне компьютерлік технологияны ендіру негізінде қолданбалы лингвистика саласында жасанды интеллект, жасанды тілдер үлгілерін құру қажеттіліктері туындады. Мұндай проблемалар қатарын лингвистика теориясынсыз жеке тұрғыдан шешу мүмкін емес екені белгілі. Себебі, тарихи жүйе формасында дәстүрлі түрде қалыптасқан табиғи тілдер тұлғалар арасындағы өзара қатысымдық рөлдерді орындайтыны белгілі. Жасанды тіл адам мен машина немесе машина мен машина арасындағы қарым-қатынас процестерін орындайды. Бірақ та олардың мақсаты бір, екіжақты ортақ қызмет атқарады. Қызметтік қолданысының үлгісі де, құрылымы да бірдей деген пікірмен толықтай келісуге болады [7; 5]. Ал, А.Қ.Жұбанов өзінің оқу құралында лингвистика ғылымынсыз жасанды тілді жетілдіру, тұлғаның компьютермен табиғи тілде қатысымдық әрекет жүйесін жасау, адам-машина комплексінің күрделі функциясын орнату тәрізді мәселелерге тоқталып өтеді [8; 36].

Компьютерлік лингвистика ерекше ғылыми бағыт ретінде XX ғасырдың 60-жылдары пайда болды. Стэнфорд және Нью-Йорк университеттерінде (АҚШ) алғаш рет тілдерді ЭЕМ-да оқытудың алғышарттары жасалған. Дәл осы жылдары «Табиғи тілдерді өңдеу» атты қолданбалы бағыт пайда болды. Соған орай, компьютерлік лингвистика мәселесі «жасанды интеллект» ғылыми-техникалық бағытының шеңберінде дамыды. «Табиғи тілдерді өңдеу» мен «жасанды интеллект» тілдерін компьютерлік қолдану аясында және компьютерлік тілдік мәліметтерді өңдеу үшін қолданылатын барлық салаларды қамтыды. Соған орай, XX ғасырдың ең табысты державаға айналған Батыс елдерінің басты қолданысы ағылшын тіліне

айналды. Мұндай құбылыстың Қазақстанда да орын алғаны белгілі. Ағылшын тілінің ықпалы әлемді жаулап, ағылшын тілін меңгерген адамдар саны көбейіп, тіптен мектеп бағдарламасына дейін ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап енгізгені белгілі.

Ағылшын тілінің ықпалы – ағылшын тілінен енген кірме сөздің көптігі. Мұндай кірме сөздер біріншіден, жергілікті тілдің дыбыс жүйесіне бейімделеді. Екіншіден, көптеген тұлғалардың бейімделген ағылшын сөздерін үнемі қолданудың нәтижесінен де болып келеді [9; 186]. «Қазақ тіліндегі англицизмдердің қолданылуының тарихи және әлеуметтік лингвистикалық аспектілері» атты мақаланың авторы Г. Досжан: «Ағылшын тілі жаһандану мен ақпараттың қозғаушы күші болғандықтан оны «жаһандық тіл» деп аталып жүр. ... Осылайша, әлемдік тіл бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық технологиялар құралдары англицизмдердің барлық тілдерге таратушы болып табылады» [10; 347]. Соған орай, тілдің лексикалық жүйесінің жаңа сөздермен толықтырылу процесі ағылшын тілінің сөздік құрамымен байыту ағымы байқалады. Мұндай жаңа сөздер нақтылы заттардың атымен, жұмыс жүргізу функциясы негізінде қалыптасқан.

Сонымен бірге, біздің мемлекетімізде де англицизмдердің біртіндеп кеңінен тарала бастағанын компьютерлік технологияның қызметтік позицияда қолданылуын уникал құбылыс деген ұстанымға келеміз. Батыс еліндегі англицизмнің қолданылу процесі пуристер мен модернистер деген екі бағыттың туындауына әкелді. Пуристер пікірі бойынша англицизмдер тілге кері әсерін тигізеді, мұндай ықпалға төтеп беруші күштің қажеттілігін уағыздаса, ал модернистер англицизмдердің зияны жоқ, керісінше тілге пайдалы қосымша мүмкіндік деп дәйектейді [11; 23].

Бұл ретте, аталған проблема жөнінде филолог-ғалым Ш. Құрманбайұлының қазақ терминологиясы мен дамуының ғылыми қағидаттары жөніндегі еңбектеріндегі «Интернетте, ғылым мен технологияда кең тараған ағылшын сөздерін алудан қашып құтыла алмаймыз. Ағылшын сөздерін дайын қалпында қабылдағанымыз дұрыс деген ғалымдардың пікірінен алыс кете алмаймыз. Бұл жағынан жағдайымыз ұқсас» екенін ескертіп, өз ойымен бөліскен болатын.

Англицизмдердің әлеуметтік қуатты болмысын зерттеген жас ғалым Ә. М. Қызырова да өзінің 2007 жылы Алматы қаласында қорғалған «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі» атты диссертациялық авторефератында Қазақстан Республикасының мәдениеттік, саяси-экономикалық қатынастары ағылшын тілді мемлекеттермен күннен-күнге нығаю басымдығын сипаттаған болатын. Осындай қарым-қатынастар қазақ тіліндегі ағылшын сөздерінің санын көбейтуге негізгі себебін ашып айқындаған болатын. Ағылшын сөздері мен тіркестері тіліміздің сөздік қорын молайтып, оның рухани мәдениет, ғылым мен техника, өркениет жетістіктерінің сипатын беретін лексикалық топ деген дәйектемесін келтірген болатын. Мұндай топтың тілде жиі қолданылу себебін қазіргі кездегі адамзатының тіршілігінің басымды қажеттілік құралы деп сипаттаған болатын. Мұндай бағыттың әлеуеттік болмысының сипатын Ш. Құрманбайұлының 2021 жылдың қараша айындағы Астана қаласындағы аналитикалық портал Check-point.kz-ке берген сұхбатында қазақ тілі қорына жаңа сөздердің енуі туралы пікірін ұсынғымыз келеді. Терминолог-ғалым: «Ағылшын тілінен енген сөздердің бірлі-жарым атаулары ғана (mouse - тінтіуір, Internet - ғаламтор, adapter - бейімдеуіш т.б.) қазақ тіліне аударылды. Десекте олар жаппай қолданылатын сөздер қатарына қосыла қойған жоқ. Кірме сөздердің балама нұсқасы қолданылып жарыса жұмсалып жүрген атаулар. Қалған басым бөлігі аударылмай алынды. Мұндай деректер ағылшын сөздерін түпнұсқадан аударуға, балама болатын жаңа сөз жасауға ниет те, талпыныс та жоқ екенін көрсетеді. Оның себебі бізде ағылшын тілінен тікелей сөз алу дәстүрі қалыптаспаған. Кеңестік кезеңдегі «шет тілдерін, терминдерді аударудың қажеті жоқ деген түсінік қалыптасқан» - деген пікірі біздің елде де тілшілер қауымын екі бағытқа бөлінуі әрекетінің бар екені байқалатыны соның дәлелі.

Қазіргі таңда әлеуметтік қарым-қатынас әрекетіндегі тілдік кеңістік аясында англицизмдердің өзіндік болмысы мен әлеуметтік қызметін зерттеген лексиколог-ғалым Е. Сихерл «Қазіргі стандартты словен тіліндегі ағылшын элементі» атты еңбегінде англицизм ерекшеліктеріне қатысты өзінің көзқарасы тұрғысынан келесі анықтамасын берді: «Рецептор тілдің лингвистикалық жүйесіне бейімделіп, бірігіп кеткен ағылшын тілінен енген сөз» - деп өзінің бағасын берген болатын [12; 12].

Даниялық лингвист-аудармашы Копенгаген университетінің құрметті профессоры Хенрик Готлиб англицизмдерді зерттеп, «In and out of English: For better, for worse» атты еңбегінде кең тұрғыдан қағидамалық анықтамасын берді. «Англицизмдер-галицизмдер және герменизмдер, басқа да лингвистикалық -измдер тәрізді тілдік байланыстың белгісі болып табылады.Бұл тілдік қатынас тура түрде, тұлғааралық байланыстар арқылы немесе жанама түрде әдеби туындыдан бастап аударманы қосқанда және техникалық өнер табыспен аяқталып, мәдени жасанды зат көмегімен орнатылады. Англицизмдер әлемнің сыртқы бейнесін, оның дәмі мен дыбысын ғана көрсетпейді (веб-сайт, бургер, хип-хоп) сонымен қатар ол әлемді қалай қабылдау керектігін ұсынады. Басқа тілде «дұрыс талғам» деген не, «дұрыс дыбыс» не екенін білдіреді. Англицизмдер ағылшын-американдық ментальді империализімінің жай ғана құралы емес, ол басқа тілдердің өз еркімен ағылшын тілімен қарым-қатынасының нәтижесі» - деген пікірі қазіргі кездегі басты өзекті мәселелердің бірі [13; 165]. Ал, британдық филолог, ағылшын тілтанушы Дэвид Кристал электронды құралдар ортасындағы тілдің барлық қолданыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін ең қолайлы атау деп компьютер, интернет лингвистикасы деп атаған болатын [14]. Осы тұста, компьютерге негізделген коммуникация деп компьютерлер желілері арқылы қарым-қатынас жасау, ақпарат алмасу ортасы деген тоқтамға келеміз. Осыдан тіл біртіндеп computer mediated communication – компьютер арқылы байланыс күші деген концептіні алға тартуға болады.

Олай болса, компьютерлік лингвистиканың қызметтік әрекет позициясының феномендік құбылысын интернет әрекетінің барлық саласында қолданылатын құдіретті күш деген концептіні алға тартуға болады. Мұны Д. Кристал өзінің зерттеу объектісінде электронды пошта, чат-бөлмелер, ойын әрекетінің сан түрлері, жылдам хабарламалар, әлемдік желі парақшалары, компьютерге негізделген коммуникацияның SMS жазба хабарламалар және т.б. түрлерін жатқызып олардың қолданыс әрекетіндегі әлеуетті позицияларының сан-қырлы астарын анықтап айқындаған болатын [15].

Осыдан келіп қоғамдағы тілдік қатынас ортасына англицизмнің біртіндеп ену себебінің бір бағыты – компьютерге негізделген неологизм сөздерінің пайда болу бағытының концептісін ұсынуға болады.

Мәселен, заман талабына сай қажет сөздер негізінде енген *компьютер, органайзер, монитор, курсор, сканер, драйвер, принтер, хакер, флешка, чат, бит, байт, картридж, дисплей, блютуз, модем, буфер, логин, пароль, веб-сайт, гугл, яндекс* және т.б. жаңа технологияға атау беріліп, сөздер ағылшын тілінде айтылады. Мұндай сөздер қатарын, әдетте, бұрын-соңды тілде болып көрмеген, жаңа ұғымдардың пайда болуымен байланысты болып келеді. Өйткені компьютерлік неологизмнің едәуір бөлігі біздің тілімізде аналогы жоқ екенін білдіреді. Соған орай, IT-технологиясының аясында қолданылатын сөздер қатарын өзге тіл лексикалары арқылы жасалу процестерін байқаймыз.

Компьютерлік техника саласындағы пайда болған сөздерді бірнеше семантикалық топтарға бөлуге болады. Мәселен, компьютерлердің түрлерін және олардың құрылымын анықтайтын лексикалық бірліктер қатары келесі номинативтік атауға ие болады. Мысалы: personal computer - «жеке меншік компьютер», supercomputer - «суперкомпьютер», multi-user – «бірнеше адамға арналған компьютер», neurocomputer - «адамның электронды аналогы», hardware - «компьютер бөлшектері», software - «компьютер бағдарламасы», monitor - «компьютер экраны», megabyte of computer memory - «компьютер жадының мегабайты» деп жүйелеуге болады.

Ал, келесі топтардың жіктелуін ЭЕМ тілдерін білдіретін лексикалық бірліктердің атаулары BASIC (Beginners All-purpose Symbolic Instruction Code) - «Бейсик», Fortran (Formula Translation) - «Фортран» деп жіктелетінін байқаймыз.

Компьютер саласына қатысты қызметтік функцияға байланысты қолданылатын лексикалық бірліктер қатарының семантикалық тұрғыдан топталу процесін келесі атауларме айқындауға болады. Мысалы, liveware - «компьютерде жұмыс жасайтын адамдар», computerman - «ЭЕМ бойынша маман», computerize - «ЭЕМ бағдарлама жасау немесе компьютерлік техникамен қамтамасыз ету», to trouble-shoot - «компьютердің ақауларын жөндеу», to blitz out - «компьютер жадындағы бағдарламаларды жою», site - сайт - желідегі бет, to serve - сервер - қызмет ету етістігі ұғымдары негізінде пайда болып, біртіндеп, интернет саласындағы ағылшын тілінің сөздерін игеру мүмкіндігінің өрісі кеңейе түскені анық.

Интернет саласындағы неологизмдердің белсенді тұрғыдан қолданысқа түсуі өзіндік ережелері бар, жеке мәселеге айналды. Мәселен, компьютерге негізделген коммуникация ұғымы - желіліер арқылы қарым-қатынас жасау, ақпарат алмасу ортасы болып саналады. Chatspeak - чат тілі, textspeak - мәтіндік тіл электронды құралдар негізінде қарым-қатынас әрекетінде тілдің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін атаулар ұғымын жасайды. Аталған ұғымдарғы қатысты аналогты тұрғыдан Netspeak - желілік тіл ұғымы интернет негізінде атқарылатын коммуникациялық әрекеттер процесі. Оның құрамына тұлғалар арасындағы коммуникативтік қатысымда рөл атқаратын ерекше тіл қолданыстары мен қысқартулар болып саналады. Мысалы, E-mail - electronic mail - электрондық пошта, PS - personal computer - жеке компьютер, web – бүкіл әлемдік желі, SMS (Short Message Service) - қысқа жазба хабарламасы немесе қызметі деген ұғымды білдіреді.

Netspeak - желілік тілдің ерекшеліктері жөнінде Д. Кристал интернеттің тілін «ерекше феномен» деп сипаттай отырып: « ... интернетке ғана тән және жоғарыда аталған барлық жағдайларда кездесетін, оның электронды, ғаламдық және интерактивті орта ретіндегі сипатынан туындайтын функцияларды көрсететін тіл түрі» - деп тұжырымдаған болатын[15; 18]

НӘТИЖЕЛЕР

Мақалада ақпараттық технологиялар саласындағы неологизмдердің пайда болу себептерінің тарихы, оның уақыт пен кеңістік кезеңдері, қолданылу функциясы мен қызметтері, басты факторлары «табиғи тілдерді өңдеу» мен «жасанды интеллект» ғылыми-техникалық бағытының аясындағы даму процестерінің негізінде қарастырылды. Ақпараттық технологияның дамуының нәтижесінде жаңа сөздердің мағыналарын тану жолдары, жаңа сөздердің қолданылу заңдылықтары мен оның құрылу модельдері кірме сөздер негізінде зерттелді.

Неологизм мәселесі бойынша орыс және отандық ғалымдардың әртүрлі бағыттағы пікірлері мен тұжырымдарының ғылыми тұрғыдан бағалау үрдісінің гипотезалық ұсыныстары талданып, өз тарапымыздан оның себебін саралап дәлелдеу процестері жүргізілді.

Ақпараттық технологиялар жүйесінде ағылшын сөздерінің белсенді қолданылуымен байланысты жаңа мағынаға ие болған англицизм формаларының дефинициялық анықтамаларымен жұмыс жүргізіліп, талдау жасалды. Жаңа сөздердің қазақ тілінде аналогы жоқ екенін дәлелдеу процесінің көрсеткіші оның өзге тіл лексикалары арқылы жасалу сипаттамалары қарастырылды. Компьютерлік техника саласында пайда болған сөздер қатары

мазмұндық-мағыналық жағынан семантикалық топтарға бөліп жіктеу мәселелері қарастырылып, нақты мысалдар түрінде дәйектер келтірілді.

ТАЛҚЫЛАУ

Заманауи білім беру үрдісіне компьютерлік технологияны ендірудің қазіргі қалпын зерттеу барысында қолданбалы тіл білімінде жаңа бағыттың - компьютерлік лингвистиканың пайда болып, дамуына әкелді. Осы ғылымның пайда болуына қазіргі ақпараттандырудың жаһандану үрдісі, ғылыми және техникалық прогрестің белгілі бір қажеттіліктерінің, сонымен бірге жасанды интеллект жүйесін, жасанды тілдер үлгілерін құру қажеттілігінің алғышарттары зор ықпал етуші процесс ретінде баға беріліп, жан-жақты қамтылды.

Ғылым мен техника саласын жаппай компьютерлендіру үрдісінде пайда болған неологизмдердің, яғни, жаңа ұғымдардың атауы арқылы актив сөздер қорына қосылуына ықпал еткен себептерін, ірі компьютерлік индустрия ретінде өзінің тұрақты орнын алуы, жаңа мағынаға ие болған англицизм сөздерінің көбейю мәселесі сияқты проблемаларға көңіл бөлінді. Лингвистикалық неологизмдердің лексикалық, семантикалық категорияларына, оның мағыналық тұрғыдан топталу процестеріне, ерекше тіл рөлін атқарушы процесс ретіндегі оның қысқартылу заңдылықтарына уәждемелік ғылыми болжамдар жасалынды. Мақалада лексикалық неологизмдерге басқа тілдерден алынған сөздер қатарының басымды себептері анықталып, жаңа мағына тасушы функциялары айқындалды. Семантикалық неологизмдердің соңғы тілдік өзгерістер аясында басқа тілдерден ену арқылы жаңа мағынаға ие болған мағыналық-мазмұндық бейнесі қолданылған мысалдар негізінде талдау жасалды.

Қазіргі уақытта техникалық неологизмдердің арасында компьютерлік лексика басым. Бұрын болмаған құрылғылардың немесе құбылыстардың пайда болуымен байланысты оларға белгілі бір атау беру арқылы лексиканың осы түрін тез арада зерттеуді қажет етеді. Қазақ қоғамының зиялылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы: «Жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туады. ... Мәдениет қуған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, білімге кірген жаңа сөздердің көбі шеттен кірген біліммен, әдеппен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер болып кірмекші, үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы» - деген баға береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада жаңа сөздер ұғымының болмысын, пайда болу себептерін, олардың қалай жіктелетінін және қолданылатыны сипатталды. Ақпараттық технологиялар саласындағы жаңа лексиканың жіктелуі, тілдің сөздік құрамына енуі, қолдану жиілігі, жаңа сөз формаларын құру және жаңа мағыналар тудыру мүмкіндіктері, мазмұндық жағынан топтастырылу мәселелері қамтылды.

Лингвист-ғалымдардың неология ұғымына қатысты әртүрлі көзқарастары талданды. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар саласындағы неологизм - жаңа сөздер лексикасының қатарының толығу форматы - ағылшын тілі ресурстарының есебінен жүзеге асып жатқаны байқалады. «Шетелдік» қарыз алу минималды рөл атқару процестері байқалады. Сонымен қатар, ақпараттық технология саласындағы жаңа сөздер қатарын біріздендіруді қажет ететін тұстары да баршылық. Мұның нәтижесі сала маманы мен тілші-ғалымдардың бірлескен жұмысында ғана шешілетін мәселе болып саналады. Жаңа сөздерге атау беру, оған балама табу, тілдік заңдылықтарға сәйкес қабылдау немесе өзгеріссіз сол күйінде қабылдау сияқты тәсілдер арқылы мәселелерді шешудің маңыздылығы зор. Жаңа сөздердің пайда болуы ғылыми-техникалық прогреске, әлемнің жаһандану үрдісіне,

қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты. Сондықтан да мұндай процестер жалғасады, қазақ тілінің лексикасы одан әрі өзгереді деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Голуб И.Б. Стилистика русского языка. – 4-е изд. – М.:Айрис-пресс, 2003. - 448 с.
- 2 Шанский Н.М. Русский язык. Лексика. Словообразование: Пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1975. - 239 с.
- 3 Заботкина В. И. Новая лексика современного английского языка. Изд. [Высшая школа](#). 1989.
- 4 Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстар: дисс. ... канд. филол. наук. - Алматы, 1995. - 143 б.
- 5 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 3009. - 269 б.
6. Oxford English Dictionary. Oxford University Press. 2010. - 2112 P.
7. Бовтенко М. Р. Компьютерная лингводидактика. - М.: Флинта, 2005. - 216 с.
8. Жұбанов А. Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 204 б.
9. Янсон Торе. The History of Languages: кіріспе / ауд. Ү. Кеңесбаева; жауапты шығ. Н. Қожабек. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. - 223 б.
10. Baidrakhmanov D., Doszhan G. Historical and sociolinguistic aspects of use of anglicisms in the Kazakh Language // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Т. 190. – С. 346–352. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.05.009>.
11. Hofstee P., Cultuur E.T. Ici, on parle Franglais: French Government Policies on the Use of English and their Effects on the Acquisition of English: Bachelor's thesis. – The Leiden University, the Netherlands, 2014. - 44 p.
12. Sicherl E. The English Element in Contemporary Standard Slovene. Phonological, Morphological and Semantic Aspects. – Ljubljana, 1999. – 146 p
13. Gottlieb H. Anglicisms and translation. In the book: In and out of English: For better, for worse. - Frankfurt: Multilingual Matters, 2005. -303 p. <https://doi.org/10.21832/9781853597893>
14. Crystal D. Internet Linguistics: A Student Guide. - London: Routledge, 2011. – 108 p.
15. Crystal D. The scope of Internet Linguistics. Paper given online to the American Association for the Advancement of Science meeting, February, 2005

REFERENCES

1. Golub I. B. Stylistics of the Russian language. – 4-e ISD. - M.:Iris-Press, 2003. - 448 pp.
2. Shansky N. M. Russian language. Vocabulary. "I don't know," he said. - M.: Prosveshchenie, 1975. - 239 P.
3. Zabotkina V. I. New vocabulary of modern English language. Izd. High school. 1989.
4. Kadyrkulov K. New words and new word uses in the modern Kazakh language: diss. ... Kand. philol. Nauk. - Almaty, 1995. - 143 P.
5. Syzdyk R. Old and new in the Kazakh language. - Almaty: Arys, 3009. - 269 P.
6. Oxford English Dictionary. Oxford University Press. 2010. - 2112 P.
7. Bovtenko M. R. Computer linguodidactics. - M.: Flinta, 2005. - 216 PP.
8. Zhubanov A. K. Introduction to computer linguistics: a manual. - Almaty: Kazakh University, 2007. - 204 P.
9. Janson Thoreau. The History of Languages: introduction / AUD. "I don't know," he said. N. Kozhabek. - Almaty: PF" National Translation Bureau", 2019. - 223 P.

Ш. Уәлиханов ат. КУ Хабаршысы – Вестник КУ им.Ш.Уалиханова – Bulletin Sh.Ualikhanov KU
Педагогика ғылымдары сериясы–Серия Педагогические науки–A series of Pedagogical science №3/2024
10. Baidrakhmanov D., Doszhan G. Historical and sociolinguistic aspects of use of anglicisms in the Kazakh Language // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. - Vol. 190. - pp. 346-352. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.05.009>.

11. Hofstee P. Cultuur E.T. Ici, on parle Franglais: French Government Policies on the Use of English and their Effects on the Acquisition of English: Bachelor's thesis. - The Leiden University, The Netherlands, 2014. - 44 R.

12. Sicherl E. The English Element in Contemporary Standard Slovene. Phonological, Morphological and Semantic Aspects. - Ljubljana, 1999 – - 146 P

13. Gottlieb H. Anglicisms and translation. In the book: In and out of English: For better, for worse. - Frankfurt: Multilingual Matters, 2005. -303 p. <https://doi.org/10.21832/9781853597893>

14. Crystal D. Internet Linguistics: A Student Guide. - London: Routledge, 2011. – 108 p.

15. Crystal D. The scope of Internet Linguistics. Paper given online to the American Association for the Advancement of Science meeting, February, 2005

Методы формирования компьютерных неологизмов

Б.К.Аубакирова¹, Б. Ж.Абильмажинова²

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

¹Кокшетауский университет им. А.Мырзахметова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассмотрена закономерность естественного происхождения новых слов в области языка, которые постоянно появляются и постепенно выходят из процесса последующего употребления. В связи с указанными изменениями возникает актуальность процесса определения номинативного наименования возникающих новых понятий. В результате развития информационных технологий возникли новые формы коммуникативной деятельности. Известно, что резкое возникновение проблем создания нового слова по причине происходящих в результате изменений коммуникативной деятельности процессов является естественным процессом. Динамично развивающаяся социальная среда, постоянные изменения и инновации в научно-техническом направлении оказывают мощное влияние на языковую сферу. В связи с этим словарный состав языка постоянно интенсивно пополняется новыми элементами.

В рамках нашей небольшой исследовательской работы было рассмотрено, как явление гибкой части общей лексики в направлении языковой сферы, склонной к процессу изменения. Рассмотрены влияние различных факторов, развивающихся в обществе, специфические особенности использования неологизмов, активно применяемых и в области информационных технологий, направления создания и использования компьютерных языковых единиц. Это связано с тем, что в настоящее время каждый язык постоянно пополняется новыми лексическими единицами благодаря средствам массовой информации.

Закономерность возникновения и формирования нового понятия в языке рассматривалась с точки зрения функционального аспекта языка в современном обществе. Здесь предусматривалось раскрытие приоритетных направлений выявления неологизма, входящих в главную проблему - появление новых слов, способы распознавания их значений, определение их функциональной функции. В соответствии с прагматической потребностью общества были дифференцированы на основе анализа факторов, повлиявших на их появление, способов употребления новых слов, изучения моделей построения. Рассмотрен языковой характер общения, осуществляемого через Компьютер. Свообразные мотивы англицизмов, адаптированные и официально вошедшие в словарный запас, получили теоретический обзор и научные определения трудов отечественных и зарубежных ученых.

Ключевые слова: компьютер, лингвистика, интернет, коммуникация, неологизм, дефиниция, концепции, информатика, интеллект, естественные языки, письмо, сообщение, интерактивность, прогресс, функция.

Methods of formation of computer neologisms

В.К.Аубакирова¹, В. J.Абильмазхинова²

¹Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Kokshetau University named after A.Myrzakhmetov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article considered the nature of the natural laws of new words in the field of language, which are constantly emerging and gradually coming out of the process of use. In connection with these changes, the relevance of the process of determining the nominative name of new concepts that have arisen arises. As a result of the development of information technologies, new forms of communication activity have been created. It is known that as a result of changes in communication activity, the sharp emergence of problems of creating a new word due to trends is a natural process. The rapidly developing social environment, continuous changes and innovations in the scientific and technological direction have a powerful impact on the language sphere. In this regard, the vocabulary of the language is constantly being intensively replenished with new elements.

In the framework of our small research work, it was considered that the general lexicon as a phenomenon of the flexible part of the language sphere is prone to the process of change. The influence of various factors developing in society on the teaching of vocabulary, specific features of the use of neologisms, which are also actively used in the field of Information Technology, directions of creation and use of computer-based language units were considered. This is due to the fact that today any language, thanks to the media, is constantly being replenished with new lexical units.

The regularity of the emergence and formation of a new concept in the language was considered from the point of view of the functional aspect of the language in modern society. Here it was envisaged to reveal the main problem of neologism - the emergence of new words, ways to recognize their meanings, priority areas for determining their functional function. In accordance with the pragmatic needs of society, they were differentiated based on the analysis of the factors that influenced their appearance, methods of using new words, and the study of models of formation. The linguistic nature of communication implemented through a computer was considered. The original causes of anglicisms, which have been adapted and are officially included in the vocabulary, a theoretical review of the works of domestic and foreign scientists was carried out and definitions were given from a scientific point of view.

Key words: computer, linguistics, internet, communication, neologism, definition, concepts, computer science, intelligence, natural languages, writing, message, interactive, pro